

МӘСЕЛЕ



ТҮТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫН
КІМ ҚОРҒАЙДЫ?

Егер тауар немесе қызмет сапасыз болса, шағымданудан тартынбаңыз...

9



АҚОРДА

Алматыны дамытудың негізгі міндеттері:

БАСЫМ БАҒЫТТАР, НАҚТЫ ТАПСЫРМАЛАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласының жаңадан тағайындалған әкімі Дархан Сатыбалдыны қабылдады. Президентке қала әкімі алдағы жұмыстың басым бағыттары, соның ішінде әлеуметтік-экономикалық даму, қала экологиясын оңалту және шаһар тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыру жөніндегі жоспары туралы баяндады.

Қасым-Жомарт Тоқаев мегаполисті дамытудың негізгі міндеттерін айқындады. Атап айтқанда, тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету, экономиканы әртараптандыру, қаланың инфрақұрылымын кешенді түрде жаңғырту, сондай-ақ жол-көлік желісінің жағдайын жақсарту, экологиялық мәселелерді шешу сияқты бірқатар нақты тапсырма берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ

«МЕКТЕБІМ, САҒАН МЫҢ АЛҒЫС!»

Шаһарда биыл 18 мыңнан астам түлек мектеп бітірді. Олардың үлкен өмірге қадам басқан айрықша сәтінің символында «Соңғы қоңырау» салтанаты қала бойынша аталып өтті. Бітіруші түлектерге арналған жиындар «Мектебім, саған мың алғыс!» атты ортақ тақырып аясында өрбіді.



Рая
ЕСКЕНДІР

Міне, кеше ғана мектеп босағасын тарыдай болып аттаған ұл мен қыз бүгін таудай болып аттанғалы тұр. Мыңдаған түлектерді ұшырған барша ұстаздар қауымына қалалық Білім басқармасының басшысы Сайран Сайфеденов алғыс білдіріп, мектеппен қоштасқалы тұрған түлектерге жаңа өмір жолында сәттілік пен табыс тіледі. Білім басқармасы басшысы ағымдағы оқу жылының ерекше табысты болғанын тілге тиек етті.

— Оқу жылы барысында Алматының ұстаздары да ерекше көзге түсті. Биыл мектептерге мыңнан астам жас маман келіп, мұғалімдердің жалпы саны

27 мыңнан асты. «Алматы ұстазы» қалалық байқауының жеңімпаздары халықаралық тағылымдамадан өтсе, ал Гран-при иегері қала әкімі атынан 5 миллион теңге көлемінде грантқа ие болды. Сонымен қатар, алматылық педагогтар оқырмандық және математикалық сауаттылық бойынша республикалық байқауда жүлделі орындарға ие болды, — деді Білім басқармасының басшысы.

Жаңалықтың жаршысы атанған Алматы мектептерінің түлектері ұлттық және халықаралық деңгейде жоғары жетістіктерге қол жеткізді. Ағымдағы оқу жылында Алматы қаласының командасы республикалық олимпиадада жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша бірінші орынды иеленіп, 66 медаль мен Гран-при жеңіп алды.

● КЕРЕК ДЕРЕК

2024–2025 оқу жылында Алматы қаласында 349 465 оқушы білім алса, олардың 18 мыңнан астамы – 11-сынып оқушылары. Сондай-ақ, 1764 түлек мектепті үздік бітірді, 670 оқушы «Алтын белгіге» үміткер. Ұлттық бірыңғай тестілеуге 11-сынып оқушыларының 92,1 пайызы, яғни 17 522 түлек қатыастын болады.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

27.05.2025

Түнде:



+12+14 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+21+23 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

28.05.2025

Түнде:



+11+13 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+21+23 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

29.05.2025

Түнде:



+11+13 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+23+25 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz



КЕҢЕС

«АЛМАТЫ ТАУЛАРЫ

әлемдегі ең үздік таулардың бірі»

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектенов Алматыға жұмыс сапары барысында Алматы тау кластері аумағын тікұшақпен аралап көрді. Сонымен қатар, жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдар басшылығы және отандық, халықаралық сарапшылар қоғамдастығы өкілдерінің қатысуымен саланы одан әрі дамыту мәселелері бойынша кеңес өткізді. Онда Үкімет басшысына тау туризмін дамыту жоспарлары таныстырылды.

Нұржамал
ӘЛІШ

Алматы тау кластері 2029 жылға қарай Орталық Азиядағы жыл бойы жұмыс істейтін ең ірі туристік жобаға айналады деп жоспарлануда. Премьер-министр Шымбұлақ, Ой-Қарағай, Пионер, Қимасар және Бутаковка сияқты орталық аймақты дамыту жоспарларымен де танысты. Француздық Stem International компаниясының бас директоры Винсент Тассар қысқы туризммен қатар жазғы инфрақұрылымды дамытуға – вело және жаяу жүргіншілер жолдарын қалыптастыруға, белсенді демалыс орындарын, глампинг, этно-қонақүйлер нысандарын салуға және экологиялық таза көлікті іске қосуға баса назар аударылғанын атап өтті.

PGI Management компаниясының президенті Жоан Виладомат жалпы ұзындығы 65 шақырымнан асатын трассалары бар Құмбел шыңы мен «Көк-Жайлау» шатқалын қамтитын тау шаңғысы курорты – Almaty SuperSki тұжырымдамасын таныстырды. Ал Almaty SuperSki жобасының жетекшісі Томас Тор Йенсен барлық трассаның жартысына жуығы шаңғы тебуді бастаған жаңадан үйренушілерге арналатынын, бұл жаппай шаңғы мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасайтынын атап өтті.

САРАПТАМА

Қазақстан халықаралық қауымдастық аясында тәуелсіздік алған жылдардан бері маңызды бастамалар көтеріп, ұтымды шешім ұсынған қадамдарымен белгілі. Жаһандық саясаттағы өзгерістер мен геосаяси мүдделер тоғысы қарсаңында саясаткерлер мен ғалымдардың, ойшылдар мен халықаралық саясат сахнасындағы ықпалды тұлғалардың бірегей алаң аясында жиналып, ортақ мәселелерді бірлесе талқылауы – әлемдік қауіпсіздік үшін өте маңызды қадам.

Астана халықаралық форумы биыл елімізде, 29-30 мамыр аралығында, «Ақыл-ойды біріктіру арқылы болашақты қалыптастыру» (Connecting minds, shaping the future) тақырыбында өтеді. Форум биыл Сыртқы саясат және қауіпсіздік, Халықаралық даму және тұрақтылық, Энергетика және климат, Экономика және қаржы сын маңызды төрт бағытқа арналып отыр. Мақаламызда Астана халықаралық форумының еліміз бен аймақтық қауіпсіздік үшін ықпалын талдап көрелік.

• Алғаш рет 2008 жылы Астана экономикалық форумы атауымен ұйымдастырылды. 2023 жылдан бастап Астана халықаралық форумы деп аталып, қауіпсіздік, энергетика, әлеуметтік даму сияқты ауқымды тақырыптарды қамтып келеді.

• Форумға 100-ден аса елден Нобель сыйлығының лауреаттары, саясаткерлер, ғалымдар және жаһандық сананы қалыптастыруға ықпал ететін беделді тұлғалар қатысады.

• АХФ – еліміздің орта держава ретіндегі мәртебесін айқындайтын және жаһандық БАҚ-тың назарын аударатын маңызды жоба.

Күн тәртібі: маңызды мәселелер

«Astana International Forum 2025» алаңында биылғы жылы жаһандық қауіпсіздік, энергетика, халықаралық даму сынды тақырыптар күн тәртібінде болады. Себебі,



(Дереккөз: primeminister.kz).

Тұсаукесерден кейін Алматы тау кластерінің даму перспективалары бойынша пікір алмасу өтті. Сарапшылар қауымының атынан сөз сөйлеген «PANA ASIA» ЖШС байқау кеңесінің төрағасы Нұржан Ниязалиев туристер ағынының артуы экожүйені сақтауға, келушілердің жайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ табиғи аумақтарға жүктемені біркелкі бөлуге мүмкіндік беретін заманауи және ойластырылған шешімдерді талап ететінін атап өтті. Ал «ECO Network» негізін қалаушы, Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің және ECOJER қауымдастығының мүшесі Евгений Мұхамеджанов тау кластеріндегі жобаларды жүзеге асыру кезінде экологиялық аспектілерді ескеру қажеттігіне тоқталды.

Жиынды қорытындылай келе, Премьер-министр Алматы тау кластерін дамыту бойынша ұсынылған тәсілдердің оң екенін атап өтті. «Әлемдік сарапшылар Алматының таулары әлемдегі ең үздік таулардың бірі екенін атап өтті. Сондықтан таяу жылдары әлемдік деңгейдегі биік таулы демалыс орнын салу шараларын қолға алуды көздеп отырымыз. Кешенді жоспарда Алматы тау

кластерін шығыстан батысқа қарай Талғардан бастап Қаскелеңге дейін дамыту көзделген. Жалпы, бұл таулардың әлеуеті бізге 700 шақырымға дейін шаңғы трассаларын салуға мүмкіндік береді. Мемлекет инфрақұрылымды: көлік инфрақұрылымын, жолдар, коммуникациялар, тау шаңғысы инфрақұрылымын салу бойынша шығындарды өз мойнына алады. Сонда дайын инфрақұрылымға бизнес пен инвестиция міндетті түрде келеді. Аталған жоба Алматы қаласы мен Алматы облысының ғана емес, бүкіл еліміздің экономикалық ландшафтын түбегейлі өзгертеді», – деді Премьер-министр.

• Бүгінгі күні туризм Алматының жалпы өңірлік өнімінің 3,9%-ын құрайды, 83 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. 2024 жылы қала 2,3 млн.-нан астам туристі қабылдады, оның 680 мыңнан астамы – шетелдіктер. Туризм секторы экономикасында да тұрақты өсім байқалады: туристік қызмет көрсету көлемі 30%-ға, салық түсімдері екі есеге артты.

АСТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМЫ 2025:

Елорда төрінде өтетін жаһандық жиынның еліміз үшін маңызы қандай?

соңғы жылдары халықаралық саясаттағы тұрақсыздық пен поляризация жағдайында үкімет басшыларын, бизнес көшбасшыларын және академиялық сарапшыларды ортақ алаңда біріктіріп, күрделі мәселелердің нақты шешімін ұсыну – форумның басты мақсатына айналып отыр.

Еліміз тарапынан ұсынылып, жүйелі түрде ұйымдастырылып келе жатқан аталмыш форумның бастау алғанына биыл 16 жыл толды. Осы уақыт ішінде жаһандық жылыну, терроризммен күрес, халықаралық қауіпсіздік, экономикалық теңсіздік сияқты маңызды мәселелер форум аясында талқыланып, ауқымды саяси жобаларға іргелі шешімдер ұсынылғанына әлем жұртшылығы куә.

Геосаяси шиеленістер күшейген тұста Қазақстан өзінің геостратегиялық орналасуы мен халықаралық аренадағы беделінің арқасында халықаралық ынтымақтастықты нығайтып, осындай ауқымды форум ұйымдастыру арқылы маңызды ойыншыға айналды. Бүгінде Қазақстан – тек Шығыс пен Батысты логистикалық тұрғыда байланыстыратын тарихи көпір ғана емес, сонымен қатар жаһандық тәртіп пен халықаралық жүйенің тиімді жұмыс істеуіне мүдделі, жаһандық саясатқа тікелей ықпал ете алатын елге айналғанының айқын көрінісі.

Дипломатия мен халықаралық ынтымақтастық

Форум көпжақты дипломатия мен халықаралық ынтымақтастықтың артуына тікелей ықпал етеді. Оған жиыны 80-нен аса мемлекет басшылары, премьер-министрлер, халықаралық ұйым басшылары қатысады. Олардың арасында Руанда Республикасының Президенті Поль Кагаме, Албания Республикасының Премьер-министрі Эди Рама, Хорватия Республикасының Премьер-министрі Андрей Пленкович, Катар Мемлекетінің Премьер-министрі және Сыртқы істер министрі Мохаммед бен

Абдулрахман Әл Тани сынды ықпалды тұлғалар бар. Форумға қатысатын тағы бір маңызды тұлға – Біріккен Ұлттар Ұйымының бұрынғы Бас хатшысы Пан Ги Мун. Ол көпжақты ынтымақтастық, климаттық қауіпсіздік және халықаралық татуластық бағыттарында өз тәжірибесімен бөлісетін болады.

Еліміз үшін Астана халықаралық форумы бірнеше бағытта стратегиялық маңызды рөл атқаратыны айқын.

Біріншіден, форум Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатын нақты іс жүзінде жүзеге асырудың алаңына айналғандығының көрінісі. Қазақстанның бейтарап, сенімге ие және диалогқа ашық мемлекет ретінде жаһандық аренада беделінің артқандығының айғағы.

Екіншіден, форум шетелдік инвестиция тартуда, экономиканы әртараптандыруға және инновациялық жобаларды жүзеге асыруға тікелей ықпал етеді. Энергетика, жасыл технологиялар, цифрлық экономика сынды салаларда шетелдік әріптестермен байланыс орнату – елдің ұзақ мерзімді тұрақты дамуына қызмет етеді.

Үшіншіден, AIF арқылы Қазақстан Орталық Азиядағы өңірлік көшбасшылықты нығайтып, геосаяси тұрақтылық пен қауіпсіздікке үлес қосатынын көреміз. Форум шеңберінде еліміз халықаралық сын-қатерлерге ортақ шешім табуға үн қатып, көпполярлы әлемдік тәртіптің белді мүшесі екендігін айқындайды.

Қалай десек те, Астана халықаралық форумы – еліміздің көпвекторлы саясаты мен жаһандық бастамаларға белсенді қатысуының жарқын көрінісі екендігі айқын. Форум соңғы жылдары еліміздің халықаралық беделін арттырып қана қоймай, экономикалық әріптестік пен өңірлік тұрақтылықты қамтамасыз етуге үлес қосатын маңызды стратегиялық алаң ретінде қалыптасты.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран» университеті.



АУЫС-ТҮЙІС

ШАҢАРДА – ЖАҢА БАСШЫ

Мәслихат таңдаған үміткер Алматы қаласының әкімі лауазымына тағайындалды

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Премьер-министр Олжас Бектенов пен Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебай Алматы қаласы мәслихаты депутаттарының жиналысына қатысты.

Жиналыс барысында депутаттарға Мемлекет басшысының Алматы қаласының әкімі лауазымына екі кандидаты – Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Дархан Сатыбалды мен Алматы қаласы әкімінің орынбасары Бейбіт Шахановты ұсыну туралы хаты оқылды.

Ашық дауыс беру қорытындысы бойынша 32 депутаттың 23-і Дархан Сатыбалдының кандидатурасына дауыс берді. Бейбіт Шахановтың кандидатурасын 9 депутат жақтады.

Ел Президентінің тиісті Жарлығымен Дархан Сатыбалды Алматы қаласының әкімі болып тағайындалды.

Қала активімен кездесуде Премьер-министр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан Ерболат Досаевқа қаланың қаржы-экономикалық әлеуетін дамыту жөніндегі белсенді жұмысы үшін алғысын білдірді. 2024 жылы қаланың Қазақстанның ЖІӨ-ге қосқан үлесі 21,8%-ға дейін өсті. Мегаполисте Президенттің тапсырмасы бойынша бюджетті орталықсыздандыру, абаттандыру, жаңа әлеуметтік нысандар салу және т.б. жұмыстар жүргізілуде.

Олжас Бектенов қала активіне Алматы қаласының жаңа әкімі Дархан Сатыбалдыны таныстырды. Премьер-министр Мемлекет басшысының Алматы әкімдігінің алдына қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету және экономика құрылымын әртараптандыру, инженерлік инфрақұрылымды одан әрі жаңғырту және қоғамдық



кеңістіктерді кеңейту бойынша міндеттер қойылғанын атап өтті. Сондай-ақ, жол-көлік жүйесі, экология, өңдеу өнеркәсібі, туризм, IT-сектор, креативті индустрия саласында нақты тапсырмалар берілді.

Сонымен, Алматы қаласының әкімі болып Дархан Амангелдіұлы Сатыбалды келді. Ал кезінде қаңтар оқиғасынан кейінгі күрделі кезеңде мегаполистізгінін қолына алған Ерболат Асқарбекұлы Досаев өткен үш жыл ішінде шаһарды дамыту жолында біраз тындырымды жұмыс жасағанын білеміз. Солардың ішінде 2004 жылдан бері жа-

ңартылмаған Алматының жаңа Бас жоспарын әзірлеп, бекітті. Шаһардың ерекше мәртебесі туралы заңға өзгерістер енгізілді.

Сарапшылардың айтуынша, Досаев «еліміздегі ең тәжірибелі саясаткер мен басқарушының бірі», «жеке имиджі мен пиарына ақша жұмсауды құп көрмеген әкім 2021–2024 жылдар аралығында қалада ретсіз әрі тығыз құрылысқа тосқауыл жасай білген басшы» ретінде есте қалған. «Үш жыл ішінде мықты өңірлік басшы ретіндегі беделін дәлелдеді». Оның кезінде құрылыс жобаларын аудандарға тең бөлу жолға қойылған,



бірқатар маңызды көрсеткіштер айтарлықтай жақсарған. Ал Алматының су жаңа әкімі Дархан Сатыбалдыны сарапшылар қазіргі саясаттағы ауыр салмақты, тәжірибелі басқарушылардың бірі ретінде бағалап отыр. «Берген уәдесін ешқашан ұмытпайтын – орындайтын, халықпен тығыз байланыста жүретін, кез келген салада жаңашылдық ізденісті қолдайтын, үлкенді қадірлейтін, дәстүрді құрметтейтін азамат» екенін айтды. Екі тұлғаға да алдағы қызметтеріне табыс пен сәттілік тілейміз!

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Дархан САТЫБАЛДЫ, Алматы қаласының әкімі:

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ЖАЙЛЫЛЫҒЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІ – басты назарда болады

Алматы – бұл еліміздің ірі мегаполисі ғана емес, сонымен қатар мәдени, экономикалық, ғылыми және білім беру орталығы. Бұл бай тарихы бар, рухы ерекше және үлкен мүмкіндіктер қаласы. Сонымен қатар, қаламызда бірқатар сын-қатерлер бар. Бұл, ең алдымен, экологиялық проблемалар, көлік жүктемесі, сапалы және тұрақты сумен жабдықтау мәселелері, инженерлік желілердің тозуы, тығыз құрылыс. Алдымызда қаланың одан әрі тұрақты дамуы және әрбір алматылықтың өмір сүру сапасына байланысты маңызды міндеттер тұр.

Қоғамдық көлікті дамыту әкімдік қызметінің басым бағыттарының бірі болып қала береді. Күнделікті көлік кептелістерімен, жолдардың шамадан тыс жүктелуімен, атмосфералық ауаның ластануымен байланысты мәселелерді шешу үшін заманауи және экологиялық автобустарды сатып алу, автобус және троллейбус желілерін кеңейту, маршруттарды оңтайландыру және қозғалыс аралықтарын қысқарту қамтамасыз етілетін болады. Сондай-ақ, метрополитен құрылысы қарқынды жүргізіліп, BRT желілері кеңейтіледі.

Алматы экологиялық тұрақты мегаполиске айналуы тиіс. Ол үшін сапалы көгалдандыру, қоғамдық кеңістіктерді дамыту, қоқыстарды бөлек жинау және кәдеге жарату, энергия тиімділігі және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі бастаманы қолдау, электромобильдер мен экологиялық таза технологияларға көшу үшін ынталандыруды енгізу қамтамасыз етіледі.

Тұрғындардың жайлылығы мен қауіпсіздігі – басты назарда болады. Жайлы қалалық орта базалық

инфрақұрылымнан басталады. Біз коммуналдық желілер – сумен қамту, жылумен жабдықтау, электрмен қамтамасыз ету желілерін жүйелі модернизациялауды жүргіземіз. Тұрғын үй қоры мен қоғамдық ғимараттардың сейсмикалық қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлетін боламыз. Аудандарды абаттандыру, аулаларды, көше жарығын, тротуарларды, халықтың жүріп-тұруы қиын топтары үшін қолжетімді ортаны құру – мұның бәрі жәй ғана уәде емес, нақты мерзімдері мен нәтижелері бар жоспарлар.

Экономиканың тұрақты дамуы және кәсіпкерлікті қолдау. Алматы – бастамашыл және тапқыр адамдардың қаласы. Біз шағын және орта бизнеске жаңа қаржы құралдары, жеңілдетілген әкімшілік рәсімдер және индустриялық аймақтарды дамыту арқылы қолдау көрсетеміз. Қала IT-саланы, стартаптарды, креативті индустрияларды, туристік және білім беру қызметтерін дамыту алаңына айналады. Біз проблемаларды жедел шешу үшін бизнес пен жергілікті атқарушы органдардың тиімді диалог жүргізу жүйесін құрамыз.

Қолжетімді және сапалы білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау. Сапалы қызметтер тұрғылықты жеріне қарамастан барлығына қолжетімді болу керек. Біз белсенді дамып келе жатқан аудандарда жаңа мектептер мен балабақшалар саламыз, жұмыс істеп тұрған оқу орындарын жаңғыртып, цифрлық білім беру технологияларын енгіземіз. Денсаулық сақтау жүйесінде емханаларды жаңарту, шалғайдағы шағын ау-

дандарда жаңа медициналық пункттер салу – қызметтерді цифрландыру және салалық мамандарға қолжетімділік арқылы күшейтіледі. Халықтың осал топтары – көпбалалы, қарт, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдауға ерекше назар аударылатын болады. Қала әрбір адамға көңіл бөлетін болады.

Алматы – жастар қаласы. Еліміздің білім беру орталығы креативті және тапқыр жастар үшін, білім алуды, дамуды, жасампаздықты, елді өзгертуді қалайтындар үшін тартылыс нүктесі. Жастарды, олардың бастамаларын қолдау, білім алу, бизнесті бастау, шығармашылық жобаларды іске асыру үшін инфрақұрылымды дамыту – менің жұмысымның негізгі басымдықтарының бірі болады. Біз Алматыға білім алу үшін келген жас өзінің болашағы мен қаланың келешегін құру үшін осында қалатын жағдай жасауға міндеттіміз.

Ашықтық, диалог және есеп беру. Басқарудағы менің басты қағидаттарымның бірі – жергілікті атқарушы органдардың ашықтығы және тұрғындармен тұрақты диалог жүргізу. Қарқынды дамып келе жатқан мегаполисте тек кері байланыс, азаматтардың сенімі мен қолдауы арқылы тұрақты және әділ қалалық саясат құруға болады. Сондықтан мен аудандарға – алдын ала дайындалған маршруттарға емес, аулаларға, мектептерге, базарлар мен көшелерге, яғни шынайы Алматыға үнемі шығып тұратын боламын.

Мен тұрғындармен тұрақты диалог жүргізу және қаланы дамыту үшін қабылданатын шешімдердің ашықтығы арқылы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенемін. Әрбір алматылықтың мүддесі үшін өз міндеттерімді жауапты және кәсіби орындауға кепілдік беремін. Тек күш-жігерді біріктіре отырып, біз Алматыны шынымен жайлы, жасыл, заманауи және қауіпсіз қалаға айналдыра алатынымызға сенімдімін.



ҰЛТТЫҚ ЖОБА

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ»

еліміздегі киелі білім ордаларының дамуына негіз болады

Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы жүзеге асырылуда. Екі жыл ішінде ұлттық жоба аясында 460 мың оқушы орнына арналған 217 заманауи мектеп салу жоспарланған. Бүгінгі таңда 105 білім беру нысанының құрылысы аяқталды, ал қалған 112 мектеп 2025 жылдың соңына дейін пайдалануға беріледі. Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифинг барысында Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев «Келешек мектептері» жобасы аясында салынған мектептердегі оқыту жүйесінің басым бағыттарына кеңінен тоқталды.



Аталған жоба тұрғылықты жеріне қарамастан, барлық қазақстандық баланы заман талабына сай сапалы біліммен қамтамасыз етуге бағытталған.

Айта кету керек, бұл мектептердің жартысына жуығы ауылдық жерлерде салынуда. Осылайша 200 мыңнан астам ауыл баласы қазіргі заманғы жайлы білім беру ортасымен қамтылды.

Бұл мектептердің артықшылығы – оларда оқушыларға қолайлы, эргономикалық білім беру кеңістігі құрылады. Мектептердің көлемі типтік жобаларға қарағанда, 15–20%-ға үлкен, ал техникалық жарақтануы 4 есеге артық. Барлық мектептер заманауи жиһазбен және құрал-жабдықтармен толықтай қамтамасыз етіліп, қауіпсіздік шаралары күшейтілген. Бастауыш және жоғары сынып оқушылары үшін бөлек блоктар қарастырылған.

Жоба аясында жергілікті өндірісті қолдауға ерекше басымдық берілуде. Мектеп құрылысына қажетті материалдар, мектеп жиһаздары тек отандық тауар өндірушілерден сатып алынуда.

Ерте кәсіби бағдар беру –
басты басымдық

Бұл мектептердегі тәрбие процесі тек білімді ғана емес, сонымен қатар «Адал Азамат» атты жоғары моральдық қасиеттерге ие және қоғамның дамуына үлес қосуға дайын жауапты, адал, бастамашыл азаматты қалыптастыруға бағытталған. Балалар ерте жастан бастап еңбекті құрметтеу, әлеуметтік әділеттілік, адалдық және жауапкершілік қағидаларын үйренеді. Бұл тұлғалық жеке қасиеттер – Қазақстанның табысты дамуының негізі.

Сонымен қатар, жоба аясында ұлттық мәдениет пен күнделікті өмірдің бір бөлігі ретінде экологиялық тәрбиені қалыптастыруға маңыз берілмек. Бұл «Таза Қазақстан» республикалық акциясы идеяларының қисынды жалғасы: экологиялық мәдениет пен қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыру балалармен жұмыстың маңызды бағытына айналады.

Оқушыларды еңбекке баулу және олардың шығармашылық әлеуетін дамыту мақсатында мектептерде әмбебап шеберханалар мен студиялар, сондай-ақ ерте кәсіби білім беруге арналған арнайы жабдықталған кабинеттер қарастырылған. Атап айтқанда, тігін, аспаздық, IT, ағаш шеберханасы және басқа да бағыттар бойынша оқу бөлмелері қажетті заманауи жабдықтармен толық қамтамасыз етілген.

Біліктілікті арттыру курстары:
жаңа буын ұстаздары

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Келешек мектептері» жобасының негізгі мақсаты – жаңа технологиялар мен әдістерді тиімді қолдана алатын білікті мұғалімдерді қалыптастыру. Жаңа форматтағы мектептерде педагогтердің кәсіби шеберлігін үздіксіз арттыруға басымдық беріледі. Сондай-ақ, қазіргі заман талабына сай, заманауи ойлайтын, қажетті білім мен қабілетке ие жас мұғалімдерді тарту үшін аталған мектептердің басшылығы мен жетекші педагогикалық ЖОО арасында ынтымақтастық орнатылады. Бұл мектептерге арнайы дайындалған мұғалімдер тарту мақсатында жасалатын шара.

Мектептерді басқару тиімділік, ашықтық және жауапкершілік принциптері бойынша ұйымдастырылады. Директорларды тағайындауда басымдық «Білім беру саласындағы 1000 өзгеріс көшбасшысы» жобасына қатысқан үміткерлерге беріледі. Болашақта бұл мектептер моделі еліміздегі барлық жалпы білім беретін мектептердің дамуына негіз болмақ. Пысықталған стандарттар, әдістемелер және басқару шешімдері бүкіл республика бойынша масштабталатын болады. Бұл күрделі шаруаны жүзеге асыру үшін ұлттық жоба аясында салынған мектептерді басқару жүйесі құрылуда. Аталған құрылым Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының құрамында болады.

Т.ДЕРБЫСАЛИН.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ғани БЕЙСЕМБАЕВ,
ҚР Оқу-ағарту министрі:СТРАТЕГИЯЛЫҚ
БАСТАМА

Бұл жоба – елімізде орта білім сапасын арттыруға және қала мен ауыл мектептері арасындағы алшақтықты жоюға бағытталған стратегиялық бастама. Бұл – жай ғана мектеп ғимараттары емес, ұлт болашағы өсіп шығатын киелі білім ордалары. Сондықтан ұлттық жоба аясында қалыптасатын білім ұйымдарын «Келешек мектептері» деп атауды ұсынып отырмыз. Бастауыш сыныптардан бастап түрлі мамандық иелерімен кездесулер, жобалық апталар ұйымдастырылады. 7-сыныпта оқушылар үшін тереңдетілген бейіндік оқыту, тәлімгерлік жүйесі және жеке білім беру курстары енгізіледі.

Бұл үдерісті тиімді үйлестіру және басқару мақсатында «Мансап компасы» арнайы цифрлық платформасы әзірленуде. Ол оқушыларға болашақ кәсіби бағытын және әрі қарайғы білім алу жолын саналы түрде таңдауға көмектеседі. Осы мақсатта мұғалімдерге арналған жаңа педагогикалық тәсілдер, заманауи әдістемелер мен цифрлық құралдарды меңгеруге бағытталған бағдарлама әзірленді. Бүгінгі күні 3000-нан астам мұғалім біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Алдағы уақытта басым бағыттар бойынша барлық педагогтер оқытумен қамтылады, бұл елімізде кәсіби құзыреттіліктерді дамытудың бірыңғай стандартын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ФОРУМ

«АСЫЛ – ТАСТАН, АҚЫЛ – ЖАСТАН»

Алматыда жас зерттеушілер форумы өтті

Шәһарда ғылым мен инновациялық қызметке қызығушылық танытқан мектеп оқушыларын біріктіретін бірегей форумы табысты аяқталды. Бұл бастама оқушылар арасында ғылыми ойлауды дамыту, шығармашылық бастамаларды қолдау және ғылыми білімді кеңінен насихаттауды көздеген болатын.

Іс-шараға Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев пен Ұлттық Ғылым академиясының академиктері, білім басқармаларының басшылары, жетекші жас ғалымдар қатысты. Ауқымды жиынға еліміздің әр өңірінен 400-ден астам республикалық және халықаралық конкурстардың жеңімпаздары, жүлдегерлері атанған дарынды мектеп оқушылары және олардың ғылыми жетекшілері бас қосты.

Форум оқушылардың ғылыми-зерттеу жобалары мен әзірлемелерін таныстыруға арналған ашық алаңға



айналды. Мұнда олардың дайындық деңгейі бағаланып, жетекші ғалымдар мен сарапшылар тарапынан кәсіби пікірлер ұсынылды. Сонымен қатар, STEM білімін дамыту, халықаралық тәжірибені орта білім жүйесіне енгізу және Қазақстандағы мектеп ғылымының болашағы сияқты өзекті мәселелер кеңінен талқыланды.

– Қазақта «Асыл – тастан, ақыл – жастан» деген аталы сөз бар. Яғни біздің ғылымымыздың болашағы жастардың қолында. Олай болса, қабілетті жас таланттарды тауып, оларды заман талабына сай тәрбиелеп, білім деңгейін шыңдау біздің қасиетті міндетіміз болмақ, – деді ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев.

Форум аясында «Мектеп оқушыларының ғылыми және инновациялық жобалары мен әзірлемелерінің көрмесі», «Зияткер» интеллектуалдық командалық сайысы, «Академик Қ.И.Сәтбаев, археология және Қазақстан ғылымы тарихы музейлеріне экскурсия», «Отандық және шетелдегі жетекші жас ғалымдар мен академиктердің баяндамалары мен шеберлік сыныптары», «Жас зерттеушілердің баяндамалары мен жобалары», «Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі» бағдарламалары қамтылды, «Қожа – жаңа саяхат» фильмі көрсетілді. Форум нәтижесі бойынша ҚР Президентінің жанындағы ҚР Ұлттық Ғылым академиясында Жас зерттеушілер академиясын құру ұсынылды.

О.ЖОЛДЫБАЙ.



БҮГІНГІ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ

Өмірбек БАБАЖАН:

АДАМ ӨМІРІН ҚҰТҚАРУ БІЗ ҮШІН БІРІНШІ ОРЫНДА

Күнделікті тіршілікте түрлі мамандық иелерінің еңбегін көріп жүрміз. Бірі нан пісірсе, бірі адам емдейді, енді бірі ел қорғайды. Ал бір мамандық бар: ол – қауіптің дәл ортасында жүріп, адамдардың өмірі мен мүлкін құтқаруға тырысатын, өз өмірін қатерге тігіп, жұмыс істейтін өрт сөндіруші. Бұл – жәй ғана кәсіп емес, бұл – жүректің батылдығы мен дененің төзімділігін талап ететін, ерекше мамандық. Олар тыныш жатқан елдің ұйқысын күзетіп, қауіптің алдын алады.



Ернұр
РЫСБАЙ

Мемлекет тарапынан төтенше жағдайлар қызметіне көп көңіл бөлініп жатқаны рас. Өрт сөндірушілер – тек қызыл жалынмен күресіп қана қоймай, кез келген апат жағдайында бірінші болып жететін құтқарушылар. Бұл мамандықтың салмағы ауыр, жауапкершілігі зор. Оны екінші бірі таңдай алмайды. Бұл жолды жүрек қалауы мен болмыстың беріктігі ғана жетелейді. Мақаламыздың кейіпкері – Алматы қаласы, Медеу ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкері, өрт сөндіруші, кіші сержант Өмірбек Бабажан. Ол бізге өзінің мамандық таңдау жолы, қызмет барысы мен өрт сөндірушінің бір күні туралы ашық әңгімелеп берді.

– Өмірбек, өрт сөндіруші болуға не түрткі болды, бала күннен келе жатқан арман ба?

– Өрт сөндіруші болудағы негізгі мақсатым – өзімді сынап көру болды. Бала күннен спортқа жақын болдым. Нақты шешімімді оқуымды аяқтаған соң қабылдадым. Физикалық тұрғыдан дайын болғандықтан, осы саланы байқап көргім келетін. Өрт сөндіретін көлік, қызметтік форма, бәрі-бәрі қызықтыратын. Алайда, мен ойлағандай оңай емес екен. Бұл салада білектің күші ғана жеткіліксіз. Білімді болуың да маңызды. Психикалық тұрғыдан да дайын болу қажет. Себебі, қызмет барысында неше түрлі жағдай болады. Қазір мінеки, бұл салада жүргеніме 3 жылдан асты.



– Көпшілікке қызық сұрақ, өрт сөндірушінің бір күні қалай өтеді?

– Біздің жұмыстағы күндеріміз қатаң тәртіппен өтеді. Аптаның әр күніне арналған нақты жоспарымыз бар. Күнделікті оқу-жаттығуларын жасаймыз. Біздің басты мақсатымыз – қай уақытта болмасын, сақадай сай болуымыз қажет. Бізге төтенше жағдай туралы хабарлама түскеннен кейін 19 секунд ішінде дайын болуымыз керек. Мұндай қысқа уақытта дайын болу күнделікті жаттығулардың арқасында ғана мүмкін. Себебі, біз үшін әр секунд маңызды. Күнделікті қызметте бізді не күтіп тұрғанын білмейміз. Алайда, оған қарамас-тан мойнымыздағы үлкен жауапкершілікті сезініп, өмірімізді қатерге тігеміз. Біз үшін, әр күн, әр сағат, әр минут тіпті, әр секунд маңызды.

– Көп адам «өрт сөндірушілер тек өрт сөндіреді» деп ойлайды. Тағы қандай төтенше жағдайларға барасыздар?

– Біз тек өрт сөндіруші ғана емеспіз. Кез келген төтенше жағдайларда әрекет етеміз. Төтенше жағдайлар өзінің әртүрлілігі бойынша бірнеше деңгейге бөлінеді. Қандай оқиға болса да, адам өмірін құтқару біз үшін бірінші орында. Кей жағдайларда жедел әрі дұрыс әрекет ету қажет болады. Біздің негізгі мақсатымыз – адамдарды құтқарып, медицина мамандарына тапсыру. Олармен бірлесіп жұмыс жасай білу қажет.

– Өмірбек, «арнайы киім кигенде өрт сөндірушілерге ыстық әсер етпейді» деген сөз рас па?

– Өрт – тілсіз жау. Оттың температурасы әрдайым жоғары болады. Қанша жерден қалың киінгенмен ыстық бәрібір өтеді. Өзіңіз ойлап көріңіз, күннің ыстығының өзінде жеңіл киінбесек қалай ыстықтайсыз. Біздер жоғары температураның арасында жүріп жұмыс жасаймыз. Бұның өзі психикалық және физикалық тұрғыдан әсер етеді. Алайда, бәріне дайын болуымыз шарт.

– Адамдар арасында «өрт сөндіруге техникалар сусыз келеді» деген сөз туралы не айтасыз?

– Олай болуы мүмкін емес. Себебі, біз күнделікті жұмысқа

келген сәтте техникалардың суын тексереміз. Апат айтып келмейтіні белгілі, кез келген жағдайға сақадай сай болуымыз қажет. Сондай-ақ, өрт болған жерге барып, су таусылған жағдайда, жақын жерде орналасқан гидранттардан су аламыз. Алайда, өрт сөндіруге сусыз келеді деу – жалған пікір.

– Адамдардың өрт сөндіруге кедергі жасайтын кездері бола ма?

– Ондай жағдайлар көп кездеседі. Себебі, өздерінің дүние-мүліктері жанып жатқан соң жанталасады. Бұл қалыпты құбылыс. Өрт сөндірушілерге ашуын көрсететіндер де жетерлік. Кейбіреулер тіпті, шлангтарды ашып тастап жатады. Бұның бәрі керісінше жұмысқа кедергі жасайды. Өрт сөндірушілер өз жұмыстарын біледі, оларға сенім білдірген абзалырақ. Біздің де мақсатымыз өртті сөндіру екенін түсінсе дейміз...

– Өрт қауіпсіздігіне қатысты ең жиі жіберілетін қателік қандай?

– Көбіне жауапсыздық себеп болады. Отты дұрыс пайдаланбау, қауіпсіздік ережелерін сақтамау және электр құралдарының жәй-күйіне мән бермеу. Өрт болу қаупі жоғары жерде отты пайдаланбаңыз, себебі, отты бақылауда ұстау мүмкін емес. Электр құралдарының жарамсыздығын байқасаңыз, пайдаланбаңыз. Себебі, қысқа тұйықталудан болатын өрт жағдайлары көп кездеседі. Өрт басталса бірден арнайы мамандарға хабар беру қажет. Өзім білем деп опық жеп қалуыңыз әбден мүмкін. Тәмсіл бар ғой «Торғай сойса да, қасапшы сойсын» деген.

ТҮЙІН:

Өрт сөндірушілер – бейбіт күннің батырлары. Олар дабыл қағылғанда бірінші болып оқиға орнына жетеді, бірінші болып жалынға кіріп, соңғы болып шығады. Олар бірде бала құтқарады, бірде қарт адамды түтіннен алып шығады, кейде аман шықпауы да мүмкін. Бірақ олар бұл мамандықты таңдап, осы жолмен жүріп келеді.

ҰЛТТЫҚ ҰЛАН



ӘСКЕРИ ТЕХНИКА тексеруден өтті

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Алматыдағы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына қарасты 5571 әскери бөлімінде әскери техника мен қару-жараққа жыл сайынғы техникалық байқау жүргізілді.



Нұржамал
ӘЛІШ

Іс-шара алдында ауқымды дайындық жұмыстары ұйымдастырылып, техникаларға жөндеу жүргізілді, ескірген бөлшектер жаңартылды. Сонымен қатар, барлық техника сырлау, майлау жұмыстарынан өтіп, сап түзеп, байқау алаңында салтанатты түрде таныстырылды. Қару-жарақ та тиісті техникалық қызмет көрсетуден өтті.

Байқаудың ашылу рәсіміне «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы, генерал-майор Талапкер Әміриев қатысып, техникалық байқаудың маңыздылығын атап өтті. Арнайы құрылған комиссия байқауға шығарылған техникалар мен қару-жарақтың техникалық жағдайын, химиялық қарудан қорғану құралдарының бүтіндігін және радиобайланыс жүйелерінің жарамдылығын мұқият тексеріп шықты. Байқауға Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығының техника және қару-жарақ басқармасынан автомобиль қызметінің бастығы, полковник Нұрлан Халиков төрелік етті.

Техникалық байқаудың басты мақсаты – әскери мүлктің сақталуы мен жұмысқа дайындығын тексеру. Байқауға бөлімнің барлық құрылымы – батальондар, роталар мен взводтар байқауға жауапкершілікпен дайындалды. Әскери қызметшілер өздеріне жүктелген техникалар мен қару-жарақтың толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, ақауларды жойды, қажет болған жағдайда күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізді.

Сонымен қатар, химиялық қорғаныс құралдары мен радиобайланыс жүйелеріне тексеру жүргізілді. Нәтижесінде техникалық дайындық көрсеткіші 0,97 пайызды құрап, байқау қорытындысы бойынша 5571 әскери бөлімінің техникасы мен қару-жарағы «өте жақсы» деп бағаланды.





APA-2025:



AQYL, PARASAT, ABYROY

Алматыда оқушылардың интеллектуалды сайысы өтті

Алматы қаласының Оқушылар сарайында Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай «APA-2025: AQYL, PARASAT, ABYROY» қалалық зияткерлік ойыны өтті.

Досбол
АТАЖАН

Іс-шара Алматы қаласының аумақтық сайлау комиссиясы, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Алматы қаласы бойынша филиалының ұйымдастыруымен және Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен өтті.

– Іс-шараның мақсаты – ұлттық құндылықтарды, қазақ халқының тілі мен мәдениетін, тарихы мен дәстүрлерін насихаттау, мәдени мұраға деген құрметті қалыптастыру, ұлттық бірегейлікті нығайту және қазақстандық патриотизмді дамыту. «APA-2025» зияткерлік ойыны – ел Конституциясының мерейтойы қарсаңында жастардың зияткерлік әлеуетін арттыруға және азаматтық сананы нығайтуға бағытталған маңызды қадам, – деді ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Алматы қаласы бойынша филиалының директоры Айнұр Идрисова.

Зияткерлік ойын квиз форматында болды, яғни мектеп оқушылары пікір алмасуға арналған алаңда білімдерін сынады. Ойынға Алматы қаласының әр ауданынан жиналған 10-сынып оқушылары қатысты. Барлығы мегаполистің әр ауданынан – Алатау, Алмалы, Әуезов, Бостандық, Наурызбай, Медеу, Жетісу, Түркісіб аудандарынан іріктеліп келген 8 команда сынға түсті.

– Алматыда алғаш рет 10-сынып оқушылары арасында интеллектуалды жарыс өтіп жатыр. Ол негізгі құжатымыз – Конституциясының 30 жылдық мерейтойына арналып отыр. Оқушыларға өзінің тарихын, тілін, ділін жақсы білуіне байланысты сұрақ қойылады. Жалпы 6 бөлімнен тұрады. Осы арқылы жастардың білім бәсекесі шындалады. Зияткерлік ойын алғаш рет өткізіліп отыр, бірақ дәстүрлі түрде өткізу жоспарланған, – деді «Alatau Aqparat» медиахолдингінің Бас директоры Ержан Қалымбайұлы.

Қатысушылардың жұмыстары беделді қоғам қайраткерлері, білім және мемлекеттік басқару саласының өкілдерінен құралған қазылар алқасы тарапынан бағаланады. Жарыс нәтижесі бойынша Нұрайым Мұрат, Камила Тайгулова, Мансұр Мейірхан, Иманжан Сыздық және Истеми Кенжебаев сынды оқушылардан құралған Медеу ауданының командасы жеңімпаз атанды. 2-орын Бостандық ауданынан Мәди Асхатұлы, Мерей Рысдәулет, Аружан Нұрғазы, Адема Альбекова, Арина Лепехина қатарлы сайыскерлерге бұйырды. 3-орынды Алатау және Наурызбай аудандары бөлісті. «Алатаулық» команданы Әбілмансұр Абуов, Эльнара Мырзабек, Кәусар Ахметжан, Ясмин Азизова, Аминат Рысқұлова қатарлы оқушылар құраса, Наурызбай ауданының намысын Сафинур Манап, Әсел Амантай, Гүлназ Жексен, Расул Айдынұлы, Фатима Ясынбекқызы қорғады. Зияткерлік ойынның барлық қатысушыларына Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

БАЛАЛАР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ – басты басымдық

«Заң және тәртіп» қағидатының қоғамда тереңдей орнығуы, әсіресе, келешек ұрпақтың өмір салтына айналуы – «Әділетті Қазақстанның» шынайы келбетін түзеді. Сондықтан да биыл 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында балалар құқығы мәселесіне баса назар аударылып отыр.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Алматыдағы №130 гимназияда балалардың құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған іс-шара да осы мақсатты көздеген болатын. Аталған білім беру мекемесінде ювеналды полиция өкілдерінің қатысуымен «Құқықтық тәртіп» атты ағартушылық іс-шара ұйымдастырылды. Балалардың құқықтық сауаттылығын арттыруды мақсат еткен бұл кездесу мектеп оқушылары мен мұғалімдер үшін пайдалы әрі мағыналы жиын болды.

Іс-шара барысында ювеналды полиция инспекторлары оқушылармен ашық сұхбат құрып, балалардың сұрағына нақты жауап берді. Сонымен қатар, балаларға қоғамдық тәртіп ережелері, құқықтық нормалар және жауапты мінез-құлық негіздері түсіндірілді. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жолдары қарастырылып, нақты жағдайларды мысалға ала отырып құқықтық кеңес берілді.

Балалардың сұрағына нақты жауап берді. Сонымен қатар, балаларға қоғамдық тәртіп ережелері, құқықтық нормалар және жауапты мінез-құлық негіздері түсіндірілді. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жолдары қарастырылып, нақты жағдайларды мысалға ала отырып құқықтық кеңес берілді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әлия ҚАСҚЫРБАЕВА,
№130 гимназия директоры:ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ –
МАҢЫЗДЫ БАҒДАР

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні екені барша-мызға белгілі. Бұл – жаздың алғашқы күндеріндегі ерекше мейрамдардың бірі. Осыған орай, қаламызда кең ауқымды іс-шаралар өткізіліп жатыр. Іс-шаралардың үшінші күні – «Құқықтық тәртіп» күні деп аталады. Өткізіліп жатқан барлық іс-шаралардың басты мақсаты – әрбір бала өзіне қауіпсіз және өзін маңызды сезінетін орта қалыптастыру. «Құқықтық тәртіп» тақырыбының таңдалуы да тегін емес. Бұл қоғамға балалардың құқығын қорғауда полиция қызметінің маңызды рөлін еске салу. Біз Алматы қалалық полиция департаментімен бірлесе отырып, мектеп оқушыларына арналған ағартушылық іс-шара өткізіп жатырмыз. Мұның өзі – құқықтық мәдениетті қалыптастыру жолындағы маңызды қадам.

Айгерім МАҚСАТҚЫЗЫ,
учаскелік инспектор, ювеналды полиция қызметкері:

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗІ

Жаңа оқу жылы басталғалы бері біз түрлі профилактикалық іс-шаралар өткізіп келеміз. Мысалы, «Қауіпсіз жол», «Түнгі қаладағы балалар», «Каникул» және «Жасөспірім» атты тақырыптық іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылады. Сонымен қатар, ювеналды полиция қызметкерлері күнделікті мектептерде оқушылармен қауіптің алдын алу бағытындағы әңгімелер өткізеді. Қазіргі таңда елімізде республикалық деңгейдегі жедел-профилактикалық іс-шаралар өтіп жатыр. Оның басты мақсаты – балалардың құқығын қорғау, олардың арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және құқықтық сауаттылықты арттыру. Заңды білу – өзінді қорғау. Ал құқықтық тәртіп – әділетті қоғамның негізі.



«ДӘМДІ» ФЕСТИВАЛЬ ұлттық тағамдар байқауы



Жұмысшы мамандықтары жылы аясында Алматы қаласы Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжі базасында І республикалық «Ұлттық дәм» байқауы өтті.



Нұржамал
ӘЛІШ

Байқау-фестивальге әлеуметтік серіктестер, Алматы қаласы мен Алматы және Жамбыл облыстарының колледж студенттері, өндірістік оқыту шеберлері, оқытушылар қатысты. Байқауға 60-қа жуық қатысушы жиналды, ал «дәмді» іс-шараны 50-ден астам қонақ тамашалады.

Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжінің директоры, байқау ұйымдастырушыларының бірі Н.Жабықбаев іс-шараның маңыздылығын атап өтті.

«Фестивальдің мақсаты – аспаздық өнер саласындағы жұмысшы мамандықтарды насихаттау, қазақ ұлттық тағам дәстүрлерін жаңғырту мен сақтау, сондай-ақ аспаз мамандығының беделін арттырып, жастардың шығармашылық әлеуетін дамыту», – деді ол.

Иә, қазақтың ұлттық асханасының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрін сақтау және кеңінен насихаттау, ұмыт қалған тағам түрлерін қайта жаңғырту да мақсат еткен фестивальде қатысушылар «әсіп», «жанышпа», «ми шұ-

жық», «құйрық бауыр», «жент», «балқаймақ», «уыз», «құймақ» сынды ұмыт бола бастаған тағамдарды жаңаша түрде ұсынуға тырысты. Байқау сонымен қатар, қазақ тағамын туристер арасында кеңінен танытуға, оны мейрамхана индустриясында ілгерілетуге және аспаздық өнер саласында озық тәжірибе алмасуға ықпал етті.

«Біз – өндірістік оқыту шеберлерінің командасы, Жамбыл облысынан келдік. Дайындық барысында ұлттық дәстүрімізді зерттеп, мейрамхана мәзіріне енгізуге болатын, заманауи үлгіде дайындалған тағамдар әзірледік. Бұл тағамдар тек отандастарымызға ғана емес, сонымен қатар, еліміздің қонақтары мен туристеріне де ұнайды деп ойлаймыз», – дейді Тараз сервис және технология колледжінің оқытушысы М.Құрманалиева.

«Жанданған ұлттық дәм» номинациясының бас жұлдесін Алматы қаласы Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжі иеленді. 1-орын – Алматы технологиялық-қаржылық және инновациялық-технологиялық колледжіне; 2-орын – Алматы технологиялық колледжі мен Тараз (Жамбыл облысы) сервис және технология колледжі мен Қаскелең кәсіптік-техникалық колледжіне (Алматы облысы) бұйырды.

Байқау жеңімпаздары дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.



ЖАСТАР САЯСАТЫ

ӨНЕР ЖӘРМЕҢКЕСІ

«Auezov fest – 2025» шабыт сыйлады

«UAQYT» қоғамдық қоры Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен Әуезов ауданындағы демалыс орталықтарының басын қосқан «Auezov fest – 2025» жәрмеңкесін сәтті өткізді.

«UAQYT» Әуезов ауданындағы жасөспірімдер мен жастардың бос уақытын тиімді өткізіп, олардың шығармашылық, зияткерлік, спорттық дағдысы мен мүмкіндігін жан-жақты дамытуға қызмет ететін демалыс орындарының жұмысын үйлестіріп отырады. Ауданда 30 үйірме, секция жұмыс істейді. Оларға бүгінде 12 жастағы жасөспірімдерден бастап, 35-ке дейінгі жастар қатысып жүр. Бәрі – тегін.

«UAQYT» қоғамдық қорының директоры Бауыржан Сәбитұлының айтуынша, барлығы 17 демалыс орталығының өкілдері қатысқан бұл жәрмеңке сол орталықтардың жетістігін, сондай-ақ алдағы уақытта үйірмелерге қатысқысы келетін жастар үшін мүмкіндік алаңын ұсынды. Яғни бүгін жазылып кетіп, ертеңнен бастап қатыса беруіне болады.

«Auezov fest – 2025» фестивалі қаладағы «Сарыарқа» алаңында өтті. Онда фестиваль қатысушылары мен қонақтары үшін демалыс орталықтарының жәрмеңкесі, ойын-сауық концерттік бағдарламасы, дамытушы «шеберлік сыныбы» және спорттық жарыстар ұйымдастырылды.

Нұр ЖАМАЛ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Раушан ӘНУАРБЕКОВА, дизайнер, «AR» демалыс орталығының жетекшісі:

Жастарға есігіміз ашық

Біздің «AR» орталығының тігін цехы бар. Ұлттық киімдер, тақия тігеміз. Әшекей бұйымдар жасаймыз. Өзіміз тіккен осы киімдермен ұлттық сән апталықтарына жиі шығып жүрміз. Бұл – менің дизайнерлік жобаларымның бірі. Бізге тігін өнерімен айналысқысы келетін қыздар көп келеді. Оларды жатсынбай, бірден бауырға тартып, тігіншіліктің қыр-сырын үйретеміз. Тіккен бұйымын көпшілікке ұсына, сата білуді де үйретеміз. Бұл істі хобби көретіндер, уақытын тиімді өткізгісі келетін жасөспірімдер де аз емес. Оларға да есігіміз ашық. Жастардың дамығаны, сүйікті ісімен айналысқаны бізді әрдайым қуантады. Бос жүрісті қаламайтын, қолынан іс келетін, өнерді сүйетін жастарға қолдау көрсетуге әрдайым дайынбыз.

ТЕАТР

Алматыда жөндеу жұмыстары жүріп жатқан Наталья Сац атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры өз көрерменінен қол үзіп қалған жоқ. Қалалық Оқушылар сарайы ғимаратының жаңартылған үлкен концерт залында театр ұжымы алғашқы қойылымын ұсынып, көрерменге ерекше әсер қалдырды.



Ая
ҚУАНЫШ

Жаңа сахнада алғаш қойылған спектакль – әлемге әйгілі «Күлшеқыз» ертегісі. Балалар мен ата-аналарға арналған бұл қойылым ерекше жылы қабылданды.

Көрермендер залында балалардың күлкісі мен шапалағы үзілмей, сахна мен көрермен арасындағы байланыс қайта орнағандай әсер қалдырды. Наталья Сац театры – тек балалар театры ғана емес, бірнеше буынды тәрбиелеген рухани ошақ. Оның сахнасы мен өнері көрерменімен қайта қауышып, жаңа тыныс алып жатыр.

ЕРТЕГІЛЕР ЖАҢҒЫРҒАН КҮН

Театр ұжымы көрерменімен қайта қауышты



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Крауз КАЧАНОВА, ханшайым рөлін орындаушы:

– Бұл қойылымды біз көп жылдан бері сахналап келеміз. «Күлшеқыз» – балалар ең жақсы көретін ертегілердің бірі, сондықтан көрермен әрдайым оны асыға күтеді.

Қазір бұл спектакльдің екінші құрамымен ойнап жүрміз, демек, тарихы да, өміршеңдігі де мол. Меніңше, ол әлі

талай жылдар бойы сахнадан түспейді. Себебі, бұл қойылымның музыкасы ерекше – оны тыңдамай тұра алмайсың, қайта-қайта көруге ынтық боласың.

Біз балаларға мереке сыйлауға тырысамыз, шағын болса да, шынайы бір ғажайып сыйлай аламыз деп үміттенеміз. Ең бастысы – бұл әсер ұзаққа сақталады.

Никита КОНЬШИН, трубадур рөлін орындаушы:

– Мен бұл қойылымда трубадур рөлін сомдаймын. Бұл – менің осы спектакльдегі үшінші рөлім. Бұған дейін мен акробат, одан кейін есек рөлінде ойнадым, енді міне, трубадур бейнесін ұзақтан бері алып жүрмін. Қойылым барысында ешқандай қиындық туындаған жоқ – барлығы сүйіспеншілікпен, ынтамен атқарылып жатыр. Баршаңызды спектакльге шақырамыз. Біз сіздерді шын жүректен күтеміз! Біздің ертегі әлемімізге еніп, бірге қуанышқа бөленейік!

Артем СЕЛЕЗНЁВ, тыңшы рөлін орындаушы:

– Қазір мен тыңшы рөлін сомдап жүрмін. Бұған дейін қойылымда күзетшінің бірін бейнелеген едім. Ең алдымен, бізге кең, жайлы сахна мен мүмкіндік бергені үшін Оқушылар сарайының әкімшілігіне алғыс айтық келеді. Бұл спектакль – біздің балалық шағымыздың бір бөлшегі. Біз осы ертегінің желісімен өстік, сол себепті ол біз үшін ерекше. Бүгінгі қойылым арқылы сол балалықтың көңіл күйін, сол атмосфераны балаларға жеткізгіміз келді.

31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН–СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

Қазақстандағы зобалаң:

АБЫРАЛЫ КӨТЕРІЛІСІ

1929–1931 жылдар аралығында елімізде халық наразылығының 372 оқиғасы тіркелді

XX ғасырдың 20–50 жылдарындағы саяси қуғын–сүргін зобалаңы – халқымыздың тарихындағы қайғылы кезеңдердің бірі. Соның ішінде әлі де болса толық зерттеліп, зерделенбей жатқан тұсы – 1929–1931 жылдар аралығындағы Кеңес Одағының Қазақстанда жүргізген байлардың мал–мүлкін тәркілеу мен ұжымдастыру науқаны.

Ұлт–азаттық сипатына мән берген жөн

Бұл шаралар даярлықсыз, жергілікті жағдайлар ескерілместен жүргізілді. Нәтижесінде қалыптасқан жағдай халықтың жаппай наразылығына ұласып, көтерілістердің тұтануына түрткі болды. 1929–1931 жылдар аралығында елімізде 372 көтеріліс болған екен. Сонымен қатар, бұл көтерілістердің ұлт–азаттық сипатына да мән беріліп, қарастырған дұрыс болар еді.

Қазақ зиялылары – сол кезеңде ұлттық мемлекет құру жолында Алаш Орда үкіметі мен партиясын құрғандар және большевиктік партия мен социализм идеясына сенген қайраткерлер арасында саяси көзқарастарына қарай – екі жікке бөлінген еді. Бір анығы, олардың жеке бас араздығы болған жоқ. Болса да ұлттың болашағы жолында, қазақ мемлекеттілігі мен ел қамы жолында әртүрлі көзқараста болуы да мүмкін. Таңдап алған жолдары әртүрлі болса да, мақсаттары бір еді. Сондықтан қалай да бірігу керек екенін уақыт өте келе бәрі де түсінді. Әсіресе, 1928 жылы басталған байлар мен орта таптың мал–дүниесін конфискациялау мен шаруаларды ұжымдастыру науқаны және кейінгі репрессиялар қайраткерлердің түпкілікті бірігуіне алып келді.

Ет дайындау науқаны

Ал халықтың 1929–1931 жылдары көтеріліске шығуын КСРО саясатына деген наразылығының көрінісі деуге болады. Әрине, бұл көтерілістер барлық жерде біртекті болған жоқ. Әр жерлерде әртүрлі ұрандар мен мақсаттар болды. Мәселен, бұрынғы Семей облысы, Абыралы ауданындағы көтерілістің басталуына бірден–бір себеп – ет дайындау науқаны кезінде тапсырманың шектен тыс көбеюі еді. Абыралы аудандық партия коми-



Карикатураны салған Ғалым Смағұлұлы.

тетінің хатшысы болған Найманбай Мәметековтың тергеу кезінде берген жауабына назар аударсақ, бұйрық бойынша Абыралы ауданына дайындауға тиісті 3379 тонна еттің орнына «Ет дайындау Одағы» (Союзмясо) ауданға 8745 тонна ет дайындау жөнінде жеделхат жіберген. Сол жолы Н.Мәметеков Алматыға барған іссапарында Өлкелік комитеттің үшінші хатшысы Рошальға жолығып, осы мәселені көтерген кезде, жоғарыда көрсетілген мөлшерде емес, жоспар бойынша 3379 тонна ет дайындау керектігін анықтаған. Қызметін асыра пайдаланған «Ет дайындау Одағының» басшылығы осындай асыра сілтеуге жол берген.

Тәркілеу саясаты мен ет дайындау науқаны Абыралы өңірінің экономикалық жағдайын мүлде тұралатып тастады. Оның арты халықтың Кеңес үкіметінің жүргізіп отырған саясатына қарсылығын тудырды.

Тәркілеу мен ұжымдастыру

1931 жылы ақпан айынан басталған бұл көтеріліс ауданның барлық ауылдарын қамтыды. Тәркілеу мен ұжымдастыру науқанына қарсы көтерілісті ұйымдастырушылардың қатарынан Есімбек Мұсабеков, Ысқақ Кемпірбаев, Ыбырай Кемпірбаев, Әбділқадыр Мақыбаев, Бейсен Кемпірбаев, Түсіпбек Жандыбаев, Нұғман Бөлегенов, Қауқарбек Балтақиев, Нұғман Жақыпов, Кәріпбек Байшайынов және Шабдан сияқты аза-

маттардың аттары аталса, ғылыми зерттеулерден бізге көтеріліске қатысқан немесе қолдаған 156 адамның есімдері белгілі.

Барлығы да көтеріліс басылған соң жауапқа тартылған. Ішкі Істер Халық Комиссариатының тергеу үдерісінде көтерілісті бастаушылардың арасынан №6-шы ауыл тұрғындары Ысқақ Кемпірбаев пен Уайда Тұрғамбаевтың, Есімбек Мұсабековтың есімдері жиі аталды. Ы.Кемпірбаев пен У.Тұрғамбаев бастаған ауыл азаматтары кеңес өкіметінің жүргізіп отырған саясатына ашық қарсы шығуға үгіттеп, 11 адамнан тұратын орталық құрып, үкіметтің саясатына қарсы үндеу қабылдайды. Бастапқы кезде азшылық топ болған көтерілісшілердің қатары 14 ақпандағы көтерілістен кейін аудан жеріндегі ауылдарды түгелдей қамтып, олардың саны 700 адамға жеткен.

Қауіпсіздік комитетінде сақталған құжатқа сәйкес, көтерілістің орталығы – Қайнар селосында «қызылдармен» болған қақтығысқа Қосқан Битыбаев, Түскен Смағұлов және т. б. ауыл азаматтары басшылық еткен.

1918 жылы Алашорда Үкіметі Семейге орналасып, Семей қаласы Алаш қаласы атанып, ресми астанамыз болды. Азамат соғысы жылдарында жалпы алаштықтардың ұлттық мүдде жолындағы күрестерінде Алашорда қайраткерлері Абыралы, Шыңғыстау, Қарқаралы өңірлерінің жоғарыда аты аталған ауқатты азаматтарына арқа сүйеген.

Қазақ қоғамы тапқа бөлінген жоқ

Алашорда үкіметінің тірегі болған ауқатты, бай азаматтар – семейлік Қаражан Үкібаев, шыңғыстаулық Медеу Оразбаев, Ике Әділов, Қарқаралы өңірінен Хасен Ақаев, ағайынды Бекметевтер, Ыбырай Ақпаев, Дегелең өңірінен Аман Белгібаевтар сынды көптеген сол заманның ірі кәсіпкерлері. Абыралы атырабына арнайы шығарылған ОГПУ үштігі 1931 жылғы 17 маусымда Абыралы көтерілісшілерінің ісін қарауды бастап, 11-ші ауылдан 14 адамға, 12-ші ауылдан 10 адамға ату жазасына үкім шығарған. Нақ сол күні 11-ші ауылдың 13 азаматын және 12-ші ауылдың 9 адамын түрлі мерзімге соттаған. Сот жұмысы бес күннен кейін қайта жалғасып, яғни 22 маусымда үштіктің үкімі бойынша, 6-шы ауылдың 46 адамы ату жазасына кесіліп, 73 адам әртүрлі мерзімге сотталған. ОГПУ коллегиясы 24 маусымда 9–14 ауылдардан 23 адамды атқызып, 19 адамды түрлі мерзімге соттаған.

Жазалаудың келесі кезеңі 14 қарашада жалғасып, 10-шы ауылдан 22 адам әртүрлі мерзімге айыпталған. Үштіктің соңғы отырысы 1931 жылдың 14 желтоқсанында жалғасып, 7-ші ауылдың 29 азаматы түрлі мерзімге жазаға кесілген. Әртүрлі себептермен көтерілістің басшылары ретінде 22 адам атылған. Кезінде белгілі тарихшы Талас Омарбеков осы көтерілістерді зерттеу барысында мынандай тұжырымдар ұсынған еді: 1929 – 1931 жылдар аралығында болған 372 халық наразылықтарының «кейбір жерлерде көтеріліс сипатын алғанын» Ф.Голощекин өзінің И.Сталинге 1931 жылы желтоқсанда жазған хатында ашық мойындады. Жазалаушы органдар Алаш қайраткерлерін, жалпы ұлттың зиялы тобын саяси қуғын–сүргінге түсіріп, абақтыға жауып, ату жазасына кесті. Абыралылықтарға осы көтерілістерді астыртын ұйымдастырды деген айыптар тағылды.

Тағы бір назар аударатын мәселе – зерттеушілердің бәрі дерлік осы көтерілістерді «шаруалар көтерілісі» деп атап жүр. Өз жеке басым мұндай атаумен келіспеймін. Ол коммунистік идеядағы таптық бөлініс. Біздегі көтерілістердің барлығын дерлік «шаруалар көтерілісі» деп халықтың санасына құйып тастаған кеңес заманының тарихшылары. Қазақ қоғамы тапқа бөлінген жоқ деп санаймын. Сонымен, бұл көтерілістер көбінесе «шаруалар көтерілісі» деп аталып келді. Шаруалар көтерілісі деп атау үшін сол кездегі отырықшы елдердегідей таптық қоғам болуы керек еді...

**Ардақ БЕРКІМБАЕВ,
«Әділет» тарихи–ағарту
қоғамының мүшесі.**

ЖАЛПЫРЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯ

«ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ»

құқықтық қолдауға мұқтаж жандарға көмек береді

Еліміздің барлық өңірінде 30 мамыр күні бір мезгілде «Халық заңгері» ауқымды жалпыреспубликалық акциясы өтеді.

Заңгерлер, адвокаттар мен мемлекеттік орган өкілдері мұқтаж жандардың әрқайсының сұрақтарына жауап беріп, білікті ұсыныс-кеңестерімен заң тұрғысынан көмектесетін болады.

Акция Үкімет қолдауымен өткізіледі. Ұйымдастырушылар – ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, ҚР Әділет министрлігі, Республикалық адвокаттар алқасы, мемлекеттік билік органдары, Қазақстанның үздік заңгерлері мен адвокаттары және zakon.kz желілік басылымы мен «Параграф» ақпараттық жүйесі.

• Алматы қаласында акция өтетін мекенжай: «Caspian University» (Достық даңғылы, 85 А үй) және «Қонаев университеті» (Құрманғазы көшесі, 107-үй) алаңдары. Басталуы 2025 жылғы 30 мамыр күні сағат 17.00. Құқықтық көмекке мұқтаж жандарға есік ашық. Кіру – тегін.

«АҚШАМ–АҚПАРАТ».



ҚАЗЫНА

БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫ БАҚЫЛАУДА

Алматы қаласы бойынша Қазынашылық департаменті «Онлайн бюджеттік мониторинг» модулінің жұмыс істеуі және оның нәтижелері бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және құқық қорғау органдарының қатысуымен кеңейтілген кеңес өткізді.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Бұл шара мақсаты – модульдің жұмыс істеуі және оның нәтижелері бойынша анықталған жымқыру фактілерінің алдын алу шараларының мәнін

түсіндіру, «Онлайн бюджеттік мониторинг» модулінің тиімділігін арттыру, бюджеттік қаражаттың ашық әрі мақсатты жұмсалуды қамтамасыз ету және құқықбұзушылықтардың алдын алу бойынша өзара іс-қимылды нығайту.

Шараны ұйымдастырушы Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті.

– Бюджет қаражатын тиімді пайдаланып, жоғары тәуекелдерді анықтап, нәтижелі жұмыс жүргізу қолға алынды. Осы бағытта бірқатар істер жүзеге асып, бюджет қаражатының игерілуі бақыланып келеді, – деді Қаржылық есеп аудит бөлімінің басшысы Ардақ Шакирова.



МӘСЕЛЕ

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫН КІМ ҚОРҒАЙДЫ?

Егер тауар немесе қызмет сапасыз болса,
шағымданудан тартынбаңыз...

Сапасыз тауар, дұрыс қызмет көрсетпеу, онлайн саудадағы алаяқтық, тұтынушы құқығының бұзылуы – күн тәртібінен жыл он екі ай түспейтін өзекті мәселе. Сондықтан биыл жалған жарнама жасап, тұтынушыларды алдаған, сауда жасау ережесін бұзған азаматтарға айыппұл мөлшері көбейді. Тұтынушы құқығына қатысты заңнамадағы өзгерістер, сауда-саттық пен қызмет көрсету саласы туралы Тұтынушылардың құқығын қорғау жөніндегі тәуелсіз сарапшы, «Сапа» тұтынушылардың құқығын қорғау ұлттық қоғамы» қоғамдық ұйымы басқарма төрағасының орынбасары Тұрсын БАТКЕНҚЫЗЫМЕН сұхбат құрған едік.



Бөлшек саудада шағым көп

– Тұрсын Баткенқызы, алдымызда жазғы демалыс маусымы таяп қалды. Өзіңіз білесіз, бұл кезең – сауданың нағыз қызатын шағы. Осы мезгілде тұтынушылар тарапынан қандай мәселелер жиі көтеріледі?

– Жаз бен қыс мезгілдерінде түсетін шағымдар жағынан айтарлықтай айырмашылық жоқ. Дегенмен, жазғы демалыс маусымы жақындаған сайын кейбір мәселелер жиі көтеріледі. Атап айтқанда, жазда көкөністер мен жемістердің сапасына қатысты шағымдар көбейеді. Сонымен қатар, жолаушылар тасымалына байланысты наразылық жиілейді. Мысалы, қалалық автобустарда кондиционерлердің істемеуі немесе теміржол тасымалы қызметінің сапасыздығы бар. Сондай-ақ, демалыс орындарындағы кейбір шектеулерге де тұтынушылар тарапынан реніштер туындайды. Мысалы, кейбір нысандарда демалушыларға өздерімен бірге тағам мен сусын әкелуге тыйым салынады.

Негізінен, бөлшек саудаға қатысты шағымдар жиілейді. Сатып алушылар сапасыз немесе ақауы бар тауарларды қайтарып не айырбастай алмай қалып жатады. Электрондық саудада шағымдар көбіне тауар сипаттамасының шындыққа сәйкес келмеуі, сатушы туралы ақпараттың болмауы және төленген соманы қайтарудағы қиындықтарға байланысты болады. Сондай-ақ, тұрмыстық қызметтерде жөндеу жұмыстары, тазалау, сұлулық салондары сияқты қызметтердің сапасыз көрсетілуіне шағымдар жиі түседі. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықта шағымдар тарифтердің өсуі, жарықтың жиі сөнуі, домофон мен жеделсаты қызметінің сапасыздығына жиі шағымданады. Қоғамдық тамақтану, туризм, білім беру және медицина саласында қызмет сапасының төмендігіне, келісім-шарттың бұзылуына қатысты шағымдар да кездеседі.

– Саудада құқық бұзушылықтар болған жағдайда тұтынушы алдымен қайда және қалай жүгінуі керек?

– 2020 жылдан бастап «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңға өзгерістер енгізілді. Енді тұтынушының құқығы бұзылса, ол ең алдымен сол тауарды немесе қызметті ұсынған кәсіпкерге жазбаша түрде шағым жазуы керек. Шағымда өз құқығының бұзылғанын көрсетіп, мәселені шешуді талап етуі тиіс. Егер кәсіпкер он күн ішінде жауап бермесе немесе шағымды қанағаттандырмаса, тұтынушы eOtinish.kz порталы арқылы электронды түрде шағым жібере алады.

Тұтынушылар құқығын қорғайтын қоғамдық ұйымдарға жүгініп, уәкілетті мемлекеттік органға (мысалы, Сауда және тұтынушылар құқығын қорғау комитетіне) өтініш жолдайды. Бұл тәсілдер нәтиже бермесе, сотқа шағымдануға құқығы бар.

Ашық қоғамдық диалог алаңы керек

– Қазір қолданыстағы заңнама тұтынушылардың мүддесін толық қорғай ала ма? Әлі де жетілдіруді қажет ететін тұстары бар ма?

– Елімізде бұл заңнама үнемі жетілдіріліп келеді. Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы заң тұтынушылардың негізгі құқығын қамтамасыз етеді, бірақ кейбір аспектілерде әлі де шикі тұстары бар.

Бізде интернет-дүкендердегі алаяқтықты азайту үшін қатаң бақылау қажет. Тұтынушылардың шағым беру жолын жеңілдету керек. Кедргерлерді азайту мақсатында жаңа механизмдер енгізілуде. Омбудсмен институтын енгізу – тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық институттардың рөлін күшейту жоспарлануда. Кәсіпкерлердің жауапкершілігін арттыру – тұтынушылардың шағымдары бойынша айыппұл мөлшерін ұлғайту қарастырылуда. Мен Қазақстан азаматтарының тұтынушылық мәселелері бойынша жүгінуі үшін қысқа нөмірі бар бірыңғай тәулік бойы жұмыс істейтін жедел желіні құруды бірнеше рет ұсындым. Сондай-ақ, адал емес кәсіпкерлердің, қауіпті, жалған, контрафактілік және контрабандалық тауарлардың тізімін жасау қажеттігін де бірнеше рет көтердім.

Бұдан бөлек, ел арасында «инфоцығандар» деп аталатын коучтар мен тренерлер сыммақтардың да тізімін енгізуді ұсындым. Ең маңыздысы, Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі Омбудсмен Қазақстан Президентінің жанында болуы тиіс. Қазіргі жағдай тұтынушылардың құқығын қорғаудағы олқылықтарды көрсетеді, әсіресе, үйлестіру мен қаржыландыру тұрғысынан. Тұтынушылардың құқықтарын орталықтандырылған түрде шешетін бірыңғай органның болмауы мемлекеттік құрылымдар мен қоғамдық ұйымдар арасындағы байланысты қиындайды. Қаржыландыру да маңызды рөл атқарады.

Сіз атап өткендей, азаматтық бастамаларды қолдау орталығы түрлі әлеуметтік жобаларға тұрақты түрде қаражат бөледі, бірақ тұтынушылардың құқығын қорғау

жөніндегі қоғамдық ұйымдар іс жүзінде ешқандай қолдау алмайды. Бұл мәселе мемлекеттің назарын талап етеді және ашық қоғамдық диалог алаңы керек деп ойлаймын.

– Цифрлық жүйе қаншалықты тиімді жұмыс істеуде?

– Қазіргі күні цифрлық жүйе – тұтынушылардың құқығын қорғаудағы ең тиімді құралдардың бірі. Соның ішінде eOtinish.kz платформасы – еліміздегі маңызды жетістіктердің бірі. Бұл жүйемен шағым беру жеңіл. Мемлекеттік органға бармай-ақ, онлайн өтініш беруге болады. Шағымның қаралу барысы туралы хабарламалар келіп отырады және өтініш тиісті ұйымға бірден жолданады. Құқықтық кеңес алу мүмкіндігі де қарастырылған. Платформада заңнама туралы ақпаратты оңай табуға болады.

Алайда, интернет-сатылым саласында тұтынушылардың құқығы толық қорғалып отыр деп айту қиын. Қазір Парламентте тұтынушылардың құқығын қорғауға қатысты заң жобасы қаралуда. Бұл заңда интернет-саудадағы қауіпсіздік пен тұтынушы мүддесін қорғауға бағытталған жаңа нормалар енгізілуі жоспарланып отыр.

Онлайн-алаяқтар айылын жимай тұр

– Жалған интернет-дүкендер мен жеңілдіктер туралы не айтасыз? Одан қалай сақтануға болады? Онлайн саудадағы тұтынушы құқығын қорғау қаншалықты қиын?

– Онлайн сауданың дамуы тұтынушылар үшін жаңа мүмкіндіктер әкелгенімен, қауіптері де арта түсті. Жалған интернет-дүкендер, контрафактілік, сапасыз немесе тіпті қауіпті тауарларды сату, тіркелмеген маркетплейстер арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттер – бұл өте өзекті мәселе. Жалған дүкеннен алған тауар үшін төленген қаражатты қайтару қиын. Әрі сапасыз немесе қауіпті тауарлар тұтынушының денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.

Өкінішке қарай, тұтынушылар өздерінің негізгі құқығын толық білмейді. Бұл, әсіресе, дау туындаған кезде айқын көрінеді. Негізгі мәселе – құқықты қолдану тетігінің әлсіздігі.

ЕҢ ЖИІ БАЙҚАЛАТЫН ЖАҒДАЙЛАР:

◆ Тауарды қайтару және айырбастау құқығы. Сапасыз немесе сипаттамасына сәйкес келмейтін тауарды тұтынушы қайтарып немесе ауыстырып алуға құқылы.

◆ Кепілдік жөндеу құқығы. Электроника мен тұрмыстық техникада ақау табылса, кепілдік мерзімінде сатушы оны жөндеуге міндетті.

◆ Ақпарат алу құқығы. Тұтынушы тауардың құрамы, сапасы, жарамдылық мерзімі, сертификаттары туралы толық ақпарат алуға құқылы.

◆ Шағымдану және өтемақы талап ету құқығы. Сатушы заң талаптарын бұзған жағдайда, тұтынушы өтемақы немесе айыппұл талап ете алады.

◆ Келісім-шарт талаптарының орындалуын талап ету. Мысалы, уақытылы жеткізілмеген тауар немесе толық көрсетілмеген қызмет бойынша тұтынушы өз құқығын қорғай алады.

Құқықтар заңмен жазылғанымен, оларды тәжірибеде іске асыру қиынға соғады. Кеңестік кезеңде «Тұтынушы – патша» деген қағида болса, қазіргі кезде тұтынушы көбіне назардан тыс қалып отыр. Қазақстандық тұтынушылар өз құқығын толық біледі деп айта алмаймын. Тіпті, қарапайым жағдайда да не істеу керектігін білмей жатады.

«Арзанның тұзы татымас...»

– Тауар сатып аларда немесе қызметті тұтынарда нені ескеру керек?

– Тұтынушыларға бірнеше маңызды кеңес берер едім. Маркировкаға назар аударыңыз. Азық-түлік сатып алғанда оның құрамын, өндірілген күнін, жарамдылық мерзімін және сақтау шарттарын мұқият тексеріңіз. Екіншіден, сәйкестік құжаттарын талап етіңіз. ҚР «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңының 25-бабына сәйкес, сіздің өтінішіңіз сертификатын, санитарлық немесе фитосанитарлық анықтамасын сұрауға құқығыңыз бар. Фото немесе видео түсіруге де болады.

Сатушы туралы ақпаратты тексеріңіз. Компания тіркелген бе, бұрынғы тұтынушылардың пікірлері қандай, кері байланысқа назар аударыңыз. Тауар сипаттамаларын мұқият зерттеңіз. Сапа сертификаттарының болуына және тауар сипаттамасының шындыққа сай болуына көз жеткізіңіз. Чек пен шарттарды сақтаңыз. Бұл құжаттар тауарды қайтару немесе айырбастау кезінде өте маңызды. Күмәнді төмен бағалардан сақ болған жөн. Арзан тауарлар көбіне сапасыз немесе жалған болуы мүмкін. Қысқаша айтқанда, тұтынушыға өз құқығыңызды қорғаудан қорықпаңыз дегім келеді. Егер тауар немесе қызмет сапасыз болса, тиісті ұйымдарға шағымданудан тартынбаған дұрыс.

Тұтынушылар өз құқығын қорғаудан қорықпауы тиіс. Кейінгі жылдары тұтынушылардың құқығын қорғау бағытында маңызды заңнамалық өзгерістер қабылданды. 2025 жылы тұтынушыны алдау, жалған жарнама және сауда ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдар едәуір көбейтілді. Мысалы, жалған жарнама үшін айыппұл 1000 АЕК-ке дейін жетуі мүмкін. Ең бастысы, үнсіз қалмау керек. Тұтынушы сол арқылы өзінің ғана емес, өзге де тұтынушылардың құқығын қорғайды.

Сұхбаттасқан
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

БОКС

«МАҚСАТЫМЫЗ – ОЛИМПИАДА»

Бокс – қазақстандықтардың сүйікті спорт түрлерінің бірі. Рингте Көк Туды көтерген спортшыларымыз әрдайым қазақ елін қуантып, халық ықыласына бөленіп келеді. Алматы қаласының спортшылары да халықаралық аренада өз шеберліктерін дәлелдеп, жоғары орындардан көрініп жүр. Дегенмен, әлі де бағындыратын шың аз емес. Алматылық спортшылардың қазіргі дайындығы мен алдағы жоспарларын анықтау үшін Алматы қаласы бокс құрамасының аға жаттықтырушысы Медеу ЖҰМАШЕВТІ әңгімеге тарттық.

– Кейінгі жылдары Алматыда бокстың айтарлықтай жанданып жатқаны байқалады. Жалпы, спорттың осы түрінің дәл қазіргі жағдайы қалай?

– Иә, Алматыда бокс қарқынды дамып келеді. Біздегі бокс мектебі өте мықты, жақсы жағдай жасалған. Ең бастысы – ел біріншіліктері мен халықаралық турнирлерде өздерін дәлелдеп жүрген дарынды жастарымыз бар. Жақында өткен ел чемпионатында алматылық боксшылар тамаша өнер көрсетті. Мәселен, Данияр Рахимбердинов (92 кг) алтын медаль жеңіп алды. Фарух Тоқтасынов (71 кг) пен Жандос Қыдыралиев (63,5 кг) күміс медаль алды. Ал Алмат Абдуали, Жандәулет Сәрсенбаев, Ернұр Қайрат, Ільяр Әшіров, Бекнұр Батырбек және Мәди Әміров түрлі салмақ дәрежелерінде қола жүлдеге ие болды. Бұл жігіттер қазір ұлттық құраманың қатарында жаттығып, алдағы ірі жарыстарға тыңғылықты дайындалып жатыр. Сонымен қатар, Нұрбек Мұрсал есімді тағы бір спортшымыз (71 кг) халықаралық жарыстағы жетістігінің арқасында Қазақстан құрамасына қабылданды. Ол – болашағынан мол үміт күттіретін ең жас боксшы.

БӘРЕКЕЛДІ!

ЕЛ ҚОРЖЫНЫНДА – 22 АЛТЫН!



Қазақ боксы тағы бір шыңды бағындырды. Жастар арасындағы Азия біріншілігінде спортшыларымыз 22 алтын медаль иеленіп, ел мерейін асқақтатты.



22 жасқа дейінгі боксшылар арасындағы Қазақстан біріншілігіне ерекше тоқталып өткім келеді. Бұл жарыста біздің жас спортшыларымыз өз мүмкіндіктерін тағы да айқын көрсетті. Осы жолы Абылай Сман (71 кг), Саят Әшімов (80 кг) және аса ауыр салмақтағы Ерсұлтан Сапар чемпион атанды. Одан бөлек, Рамазан Рузібай (48 кг) күміс алса, Алдияр Мелс (63,5 кг) пен Нұрбол Мұхаммедәлі (75 кг) қола жүлде жеңіп алды. Жалпыкомандалық есепте Алматы құрамасы бірінші орынға шықты. Бұл жастағы спортшылар тобын Олимпиада чемпионы Бақыт Сәрсекбаев баптайды. Ол өз ісінің нағыз шебері, жанындағы білікті жаттықтырушыларымен бірге жастарды жаңа биіктерге жетелеуге мол мүмкіндігі бар. Жасөспірімдер мен

жастар арасындағы ел чемпионатында Алматы боксшылары көш басында келеді. Алайда, өзге спорт түрлерінде секілді, бізде де өзекті мәселелер бар. Атап айтсақ, жас жаттықтырушыларды дайындап, осы салада ұстап қалу оңай болмай тұр. Сондықтан олардың бұл саладан кетіп қалмауы үшін арнайы жағдай жасау қажет. Мамандандырылған жоғары спорт шеберлігі мектебінің қолдауымен біз штаттағы спортшыларды шетелге шығара аламыз. Дегенмен, бұл бағытта әлі де жүйелі шешімдер болса дейміз.

– Спортшыларды дайындау, жаттығу жүйесінде өзгерістер бар ма?

– Иә, негізінен, біз соңғы жылдары жеке дайындыққа ерекше назар аудара бастадық. Қазір түрлі заманауи әдістеме-

лерді енгізіп жатырмыз. Мысалы, жекпе-жектердің бейне-сараптамасы, спортшылардың психологиялық дайындығы әрқайсысына жеке жоспар құру және т.б. Сөз жоқ, бұл жұмыстың барлығы дайындық сапасын едәуір арттырды.

Соңғы кездері Алматыда клубтық жүйе жақсы дами бастады. Қалада ондаған бокс клубы жұмыс істейді, олардың арасында өзара тәжірибе алмасу жолға қойылған. Мұндай бәсекелестік мықты чемпиондарды дайындауға үлкен мүмкіндік береді. Оған қоса, бокс клубтары, қалалық федерация және мемлекеттік құрылымдар арасында тығыз байланыстың маңызы зор. Бұл өз кезегінде бүкіл жүйенің үйлесімді жұмыс істеуіне жағдай жасайды. Саналы ғұмырын жаттықтырушылыққа арнаған әріптестеріме алғыс айтқым келеді. Бүгінгі табыстың негізі – сол кісілердің тынымсыз еңбегі.

– Басты мақсаттарыңыз қандай?

– Қазіргі таңда ұлттық құраманың бас бапкері Қайрат Сәтжанов барлық спортшыларға тең мүмкіндік беріп отыр. Енді бәрі рингтегі өнерлеріне байланысты. Мәселен, ел чемпионы Данияр Рахимбердинов алдағы «Thailand Open – 2025» халықаралық турниріне қатысады. Бұл жарыс Бангкокта өтеді және әлемнің мықты боксшыларын жинайды. Ал қалған спортшыларымыз Әбдісәлан Нұрмахановты еске алуға арналған турнирге дайындалып жатыр. Бұл жарыс 24–30 мамыр аралығында өтеді. Ұлттық құраманың мүшелері сол жақта дайындықтарын жалғастырады.

Басты мақсатымыз – Алматының ұлттық құрамадағы орнын нығайту. Спортшыларымызды халықаралық деңгейге дайындап, Қазақстан атынан әлемдік ареналарда өнер көрсету құқығы үшін күресіп келеміз. Ең басты арман – Олимпиада ойындары. Бұл жолдың жеңіл емес екенін білеміз, бірақ біз бар күшімізді салып, рингте жұдырықтасып, мықтылар қатарынан көрінуге тырысамыз.

ГИМНАСТИКА

Өткен аптада спорттық гимнастикадан Қазақстан Республикасының чемпионаты және Қазақстан Кубогы өтті.

43 жүлде

Жарысқа еліміздің Астана, Алматы, Талдықорған, Қарағанды, Орал, Ақтау, Қостанай және Семей қалаларынан келген 8 команда қатысты. Турнирде жалпы 108 гимнаст өнер көрсетті, оның ішінде: 66 әйел және 42 ер спортшы бар.

Медальдар саны бойынша Алматы қаласының командасы көш бастады. Олар 18 алтын, 12 күміс және 13 қола медаль иеленді.

Турнирдің ең жарқын сәттерінің бірі – ұлттық құраманың көшбасшылары Нариман Құрбанов пен Милад Каримидің қатысуы болды. Олардың қатысуы жас спортшылар үшін үлкен мотивацияға айналып, жарыс деңгейін жоғары көтерді. Әлем кубогының бірнеше дүркін жеңімпазы Милад Карими – өзінің шеберлігін дәлелдеп, еркін жаттығуда, кермеде және командалық есепте үш алтын медаль жеңіп алды. Ал Парижде өткен Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері Нариман Құрбанов – тұтқалы атта тамаша техникасымен көзге түсіп, алтын медаль иеленді.

Чемпионат аясында алғаш рет аралас командалық жарыс енгізіліп, бір командаға қыздар мен ұлдар бірігіп қатысты. Бұл жаңалық жарысқа тың серпін беріп, қатысушылардың командалық рухын көрсетті.

**Бетті әзірлеген
Досбол АТАЖАН.**

О.МҰРАТБЕКҰЛЫ.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 23 мамырдағы
№2/262-776 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес «Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 13 ақпандағы № 32.1-32.01/990-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жалпы пайдалану объектісін (Алматы қаласының әкімшілік макеті) салу үшін, Алматы қаласы, Бостандық ауданында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала Жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін;

2) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

3) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ.

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 23 мамырдағы
№2/262-776 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1.	Аманбеков Алжапар Серикович	20-313-029-231	Жандарбеков көшесі, 124	0,0612 га, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0347 га
2.	Долматов Сергей Сергеевич	20-313-029-231	Жандарбеков көшесі, 124	0,0612 га, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0265 га
3.	Ахметжанова Куралай	20-313-029-080	Жароков көшесі, 123	0,0618 га
4.	Ахметжанова Куралай	20-313-029-037	Жароков көшесі, 125	0,0620
5.	Аманбеков Алжапар Серикович	20-313-029-388	Жандарбеков көшесі, 126	0,0601 га

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Заң кеңесі» жобасы аясында мемлекеттік және орыс тілдерінде тегін қызмет көрсететін орталық пен 8 777 890 89 00 «жедел желі» жұмысы іске қосылды. Орталықтың мекенжайы: Алматы қ., Нүсіпбеков к-сі, 32, 1-қабат, 106-кеңсе.

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 23 мамырдағы
2/262-783 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 13 қаңтардағы №32.1-32.01/161-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы, Жетісу ауданында орналасқан 15 (он бес) жер учаскелерін Райымбек даңғылын қайта құру және жүрдек қоғамдық көлік (BRT) салу үшін жүріс бөлігін қайта ұйымдастыру, жаяу жүргіншілер аймақтарын, көпірлер мен велосипед жолдарын жайластыру үшін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 603-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала Жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін;

2) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

3) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ.

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 23 мамырдағы
№2/262-783 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1.	Молдасалиева Гульмира Болтуповна	20-314-013-600	Райымбек даңғылы, 219 Д, 1-пәтер	
2.	Фищенко Оксана Алексеевна	20-314-013-600	Райымбек даңғылы, 219 Д, 2-пәтер	
3.	Бердимуратова Алия Калыбаевна	20-314-013-600	Райымбек даңғылы, 219 Д, 3-пәтер	
4.	Крякова Ольга Геннадьевна	20-314-013-600	Райымбек даңғылы, 219 Д, 4-пәтер	
5.	Карабаева Карлыгаш Кармысовна	20-314-013-600	Райымбек даңғылы, 219 Д, 5-пәтер	
6.	Телушкин Станислав Игоревич, Уразалиева Нелля Маратовна, Уразалиев Руслан Маратович	20-314-013-600	Райымбек даңғылы, 219 Д, 6-пәтер	
7.	Печенкин Александр Тимофеевич	20-314-013-600	Райымбек даңғылы, 219 Д, 7-пәтер	
8.	Морозкина Ольга Григорьевна	20-314-013-600	Райымбек даңғылы, 219 Д, 8-пәтер	
9.	Куракбаева Эльвира Базаралиевна, Базильбаев Самат Жаксыбекович	20-314-013-600	Райымбек даңғылы, 219 Д, 9-пәтер	
10.	Попов Игнатий Валерьевич, Попова Светлана Валерьевна	20-314-013-600	Райымбек даңғылы, 219 Д, 10-пәтер	
11.	Чулков Сергей Анатольевич	20-314-013-600	Райымбек даңғылы, 219 Д, 11-пәтер	
12.	Гунькина Ирина Рахмановна	20-314-013-600	Райымбек даңғылы, 219 Д, 12-пәтер	
13.	Кошкина Анна Сергеевна	20-314-013-600	Райымбек даңғылы, 219 Д, 13-пәтер	
14.	Батеева Манчук Какабаевна	20-314-013-600	Райымбек даңғылы, 219 Д, 14-пәтер	
15.	Коркин Андрей Борисович	20-314-013-600	Райымбек даңғылы, 219 Д, 15-пәтер	



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



@AQSHAMY_KZ



@aqsham_news



@aqsham_news



@aqsham_news

РУХАНИЯТ

МӘДЕНИ МҰРА

уақытпен үндесіп, түрленеді

Алматының рухани жүрегі болып саналатын Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде «Қазақстанның XX ғасырдағы және қазіргі заманғы сәндік-қолданбалы өнері» каталогы таныстырылды.

Нұржамал
ӘЛІШ

1938 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңді қамтитын отандық өнер тарихындағы маңызды көркемдік құбылыс болып табылатын бұл туындылар қоры шамамен, 800-ден асады.

Кітаптың тұсаукесерінде сол жәдігерлердің бір парасы ұсынылды. Ең алғашқысы музей қорына 1938 жылы қабылданған. Көрмеге кілемдер, гобелендер, киіз және кестелі паннолар, былғарыдан, ағаштан, металдан және тастан жасалған көркем бұйымдар, керамика, фарфор, шыныдан жасалған туындылар, сондай-ақ күмістен және мелхиордан жасалған авторлық зергерлік бұйымдар қойылған.

КИІЗ бұйымдары – қазақ халқының мәдени мұрасының ажырамас бөлігі. XX ғасырдың ортасында кәсіби суретшілердің шығармашылық ізденістерінің нәтижесінде киіз тек тұрмыстық қажеттілік емес, сонымен қатар қазіргі заман өнерінің нысанына айналды. Киіздің икемділігі, ерекше құрылымы мен бай түстік палитрасы шығармашы-

лыққа кең мүмкіндік ашты. Суретшілер бұл ежелгі материалды жаңа деңгейге көтеріп, терең идеялық және композициялық мағынаға ие туындылар жасады.

КЕСТЕ қазақ халқының дәстүрлі өнерінде ерекше орын алады. Кестемен киімдер мен тұрмыстық заттар әшекейленген. Бүгінгі музей коллекциясында кестелер сәндік панно және халық өнерінің үлгілеріне жасалған авторлық репликалар түрінде сақталған.

ТЕРІ өңдеу – қазақ халқының көне сәндік-қолданбалы өнерінің бір тармағы. Бұл бағыт 70-жылдары жаңа серпін алып, халықтық дәстүр негізінде кәсіби өнер саласына айналды. Қазіргі күні тері – шексіз шығармашылық әлеуеті бар материал ретінде



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлайым ЖҰМАБЕКОВА, Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің директоры:

Құнды ғылыми каталог

Еліміздің XX ғасырдағы және қазіргі заманғы авторларының сәндік-қолданбалы өнерінің толық коллекциясын алғаш рет көрсететін ғылыми каталогтың шығарылуы осы бағытты әрі қарай зерттеуге негіз болады деп ойлаймын. Жас суретшілер мен өнертанушылар үшін өз дағдысын жетілдіруге шабыт көзі болары сөзсіз. Коллекцияның қалыптасу жылдарында шығармашылықпен белсенді айналысқан суретшілердің қатарында Әбілхан Қастеев, Николай Цивчинский, Александр Риттих, Шажат Оспановтарды атауға болады. Олардың эскиздері бойынша «Кілемші» артелінің шеберлері алғашқы қазақстандық гобелендерді жасаған. Музей коллекциясындағы сәндік-қолданбалы өнер туындылары – Қазақстанның мәдени мұрасының ажырамас бөлігі. Олар – қазіргі заман суретшілерінің дәстүрді сақтай отырып, өткеннің аңызға айналған мұрасын заманауи көркемдік формалармен сабақтастыра білгенін айқын көрсетеді. Бұл туындылар еліміздің қазіргі заман өнерінің дамып, жетілуіне зор үлес қосуда.

қолданылады, одан жасалған туындылардың көркемдік құндылығы зор.

АҒАШ – адамзат баласы ежелден қолданған көне материалдардың бірі. Табиғи құрылымының сұлулығы, беріктігі, жылу сақтау қасиеті мен өңдеуге икемділігі оны кеңінен қолданылатын материал етті. Музей қорындағы ағаш бұйымдары қатарында: сәндік паннолар, адам мен жануар бейнелі көлемді мүсіндер, мифологиялық кейіпкерлер, қазақ мәдениетінің танымал тұлғаларының портреттері, музыкалық аспаптар, тұрмыстық заттар, ыдыс-аяқ, кәдесыйлар, кітап қоятын тұғырлар және т.б. бар.

МЕТАЛЛ бұйымымен жұмыс істеген суретшілердің шығармашылығы да ұрпақтар мұрасын бойына сіңірген ерекше құбылыс болып енді. Музей коллекциясындағы авторлық туындылар қатарында алуан түрлі әшекейлер, көркем және тұрмыстық бұйымдар бар. Бұл бағыт 1960–1970 жылдары


кеңінен дамыды. Әсіресе, шекіме техникасымен орындалған туындылар ерекше әсер қалдырады. Бүгінде зергерлік өнер қарқынды дамып, ұлттық нақыш пен мәдени колоритті кеңінен ашып көрсетуде.

САЗ өнерінің де терең тарихи тамыры бар. Отандық керамика өнерінің жаңа кезеңі 1935 жылы Алматыда «Казпромсовет» керамика станциясының ашылуымен басталды. Жанрлық мүсіндер, шағын пластика, сәнді паннолар, вазалар танымал бола бастады. Суретшілер ұлттық өнердің элементтерін заманауи стильмен үйлестіріп, ою-өрнек, мемлекеттік рәміздер, табиғат көріністері мен еліміздің бай флорасы мен фаунасының өкілдерін бейнеледі.

ШЫНЫ өнері – эстетика мен көпқырлылықты біріктіретін сәндік-қолданбалы өнердің ерекше саласы. Музей коллекциясындағы шыны бұйымдары, оның ішінде сирек кездесетін витраж өнері де бар, көркем шешімдердің әр алуандылығымен және шебер орындалуымен ерекшеленеді.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН

31 мамыр – Қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 579,07 теңге

\$ USD/KZT 510,84 теңге

₽ RUB/KZT 6,39 теңге

¥ CNY/KZT 71,11 теңге